«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ №4 АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ» (IT-МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ)

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ №4 ИМЕНИ С.СЕЙФУЛЛИНА» (IT-ШКОЛА-ЛИЦЕЙ)» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

№ 16.09.2026

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 280

город Кызылорда

Ақша жинау фактілерінің алдын алу, болдырмау,сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу туралы

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде білім алушылардың тегін мектепалды даярлық ,бастауыш,негізгі орта және жалпы орта білім алуын қамтамасыз ету,Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес ақша жинау фактілерінің алдын алу,болдырмау,сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының талаптарына сәйкес ақша жинау фактілерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында білім алушылардан және ата-аналардан мерекелік іс-шараларға,сыйлықтарға және басқа да қажеттіліктерге ақша жинауға **қатаң тыйым салынсын**.осы талаптың орындалуы барлық сынып жетекшілеріне,пән мұғалімдеріне және мектеп әкімшілігіне міндеттелсін.

2.Мектеп-лицейдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3.Мектеп оқушылары мен ата-аналар арасында ақша жинау,сыйлық алу немесе беру, сондай-ақ заңнама талаптарына қайшы келетін өзге де әрекеттерге жол берілмеуі қатаң қадағалансын.

4.Ақша жинау және басқа да заңға қайшы фактілер анықталған жағдайда мектептің **сенім телефонына:23-00-82** хабарласу мүмкіндігі туралы ата-аналар мен білім алушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5.Заңға қайшы әрекеттерге жол берген қызметкерлерге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті шаралар қолданылсын.

6.Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Д.Жилкибаевқа жүктелінсін.

Мектеп директоры М.Мукеев